

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 маусымдағы № 447 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

8-қосымшаға ескертпелердің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Спорт төрешілеріне спорттың ойын түрлерінен басқа спорттық жарыстардың бір күніне қызмет көрсеткені және ұйымдардың спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарлары бойынша өткізілетін спорттың ойын түрлері бойынша спорттық жарыстардың бір ойынына, бірақ күніне екі ойыннан көп емес ойынға қызмет көрсеткені үшін:

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) халықаралық санаттағы спорт төрешісіне БЛА-дан 45 %;
- 2) жоғары санатты ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 36 %;
- 3) ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 30 %;
- 4) бірінші санатты спорт төрешісіне БЛА-дан 24 %;
- 5) спорт төрешісіне БЛА-дан 21 % төленеді;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) халықаралық санаттағы спорт төрешісіне БЛА-дан 75 %;
- 2) жоғары санатты ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 65 %;
- 3) ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 55 %;
- 4) бірінші санатты спорт төрешісіне БЛА-дан 45 %;
- 5) спорт төрешісіне БЛА-дан 40 % төленеді;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) халықаралық санаттағы спорт төрешісіне БЛА-дан 100 %;
- 2) жоғары санатты ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 90 %;
- 3) ұлттық спорт төрешісіне БЛА-дан 80 %;
- 4) бірінші санатты спорт төрешісіне БЛА-дан 70 %;

5) спорт төрешісіне БЛА-дан 60 % төленеді."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК